ҚҰДАЙБЕРГЕН ҚУАНҰЛЫ ЖҰБАНОВ

БИОБИБЛИОГРАФИЯ

Ақтөбе
2020
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

ҚҰДАЙБЕРГЕН ҚУАНҰЛЫ

ЖҰБАНОВ

БИОБИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ

АҚТӨБЕ
2020

ББК.78.9
Қ 74

Пікір берушілер:

М.Б.Сабыр – филология ғылымдарының докторы, профессор
Б.Ж.Құрманова – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Жалпы редакциясын басқарған

Б.А.Ердембеков – филология ғылымдарының докторы, профессор

Құрастырушылар

Б.Ш.Баймұханов– филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Н.А.Садуақас– филология ғылымдарының кандидаты, доцент
А.С.Кушкимбаева – PhD доктор, доцент

Қ 74 Құдайберген Қуанұлы Жұбанов (биобиблиографиялық көрсеткіш). - Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2020. – 99 бет.

ISBN – 9965-631-47-6

Биобиблиографиялық көрсеткіш профессор Қ.Жұбановтың өмірі, қоғамдық-мемлекеттік қызметі мен ғылыми мұрасының хронологиялық жүйесін танытады. Көрсеткіштің жеке тарауларында ғалым-ұстаздың төл туындылары және оның ғылыми, көркем, публицистикалық шығармашылығына байланысты күні бүгінге дейін жазылған монографиялар, мақалалар, т.б. зерттеу еңбектері жөнінде анықтама-мәліметтер берілген. Көрнекті қоғам қайраткері, әмбебап ғұлама, Қазақстан ғылымының «жарық жұлдызы» атанған Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың есімін мәңгілік жадымызда қалдыруды мақсат тұтатын бұл библиографиялық көрсеткіш тіл мамандары мен мұғалімдерге, профессор-оқытушылар, докторант, магистрант, студенттер мен жалпы ғылыми көпшілікке арналған.

ББК. 78.9

Баспаға Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Ғылыми Кеңесі ұсынған.

Қ 4406000000
00(05)-03

ISBN 9965-631-47-6

© Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2020

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ тілін ана тілі ретінде, мемлекеттік тіл ретінде меңгеруші көпшілік назарына ұсынылып отырған бұл биобиблиографиялық көрсеткіш қазақ тілінің теориялық негізін қалаушылардың бірі, ұлттық филологиямыздың тұңғыш профессоры Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың лингвистикалық, тарихи-мәдени мол мұрасын халық арасында кеңінен таныстыруды мақсат тұтады. Қазақ тіл білімінің дүниеге келуі мен оның қалыптасуына белсене араласып, бар өмірін, күш-жігерін отандық ғылымға сарп еткен ерекше дарын иесі, ірі оқымысты әрі қоғам қайраткері Құдайберген Жұбановтың ғылыми мұрасы кейінгі ұрпаққтың рухани байлығы болып табылады.

Кітаптың алғашқы бөлімінде тума талант, ғалым-педагог Қ.Қ.Жұбановтың өмірі, қызметі мен ғылыми шығармашылығына қатысты және оның есімін мәңгілік есте қалдыруға байланысты атқарылған жұмыстар туралы айтылса, келесі бөлімдерде оның төл шығармалары, зерттеу еңбектері жөніндегі деректер мен мәліметтер белгілі бір хронологиялық тәртіппен жүйелі түрде берілген. Анықтамалық көрсеткіште профессор Қ.Жұбановтың өзі кезінде баспаға тапсырған, бірақ түрлі себептермен баспадан шықпай жоғалып кеткен бірсыпыра еңбектеріне бірқатар сілтемелер жасалған.

Құдайберген Қуанұлының кеңестік дәуір кезеңінде мерзімдік баспасөз бен әртүрлі басылымдарда жариялаған ғылыми мақалалары, журналистік-публицистикалық, жазушылық шығармалары және оның редакторлығымен өткен ғасырдың 30-шы жылдарында жарық көрген кітаптар аты мен Қ.Жұбановтың ғалымдығы, азаматтығы, мемлекеттік-қоғамдық істердегі қайраткерлігі жөнінде әр кезеңде жазылған монографиялар, мақалалар мен естеліктер, «Жұбанов тағылымы» атты халықаралық, республикалық және аймақтық ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық конференциялар материалдары осы анықтамалықта түгелге жуық қамтылған.

Есімі ел есінде мәңгі сақталар біртуар тұлғаның шығармашылығына бағдар жасауға арналған биобиблиографиялық көрсеткішті дайындау барысында ғалымның өмірі мен қызметіне, ғылыми шығармашылығына байланысты соңғы жылдары баспадан шыққан «Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» (2010ж.), «Қ.Жұбанұлы. Қазақ тіл білімінің мәселелері» (2013ж.), т.б. академиялық жинақтары мен мерзімдік баспасөзде бүгінге дейін жарияланған мақалаларға оқырман назарын аудару қажеттігі де айрықша ескерілген.

Ұлы дарын иесі Қ.Жұбановтың ғалыми, тарихи-лингвистикалық, әдеби, мәдени бай мұрасын уақыт талабына сай асқан ұқыптылықпен игеруде және оны жан-жақты оқып-үйренуде, «жолсеріктік» қызмет атқаратын, өскелең жастардың ана тілін білуге деген ынтасын арттыратын бұл көмекші құрал тіл

білімінде профессор Жұбанов жасаған жүйені кәсіби тұрғыдан меңгеруде кім-кімді де үлкен жетістіктерге жеткізері сөзсіз. Бұл көрсеткіш «Жұбановтану» зертханасында дайындалды.

ПРОФЕССОР Қ.Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1899 ж. 19 желтоқсан. Құдайберген Қуанұлы Жұбанов Темір уезінің Темір-Орқаш болысына қарасты 9-ауылдағы Қосуақтам деген жерде (қазіргі Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы «Жаңа тұрмыс» ауылында) орта шаруаның отбасында дүниеге келді.

1904-1912 жж. Алғашқыда Оспан ишанның мешітінен дәріс алып, араб тілін үйреніп, ауыл мектебінде білім алды.

1912-1914 жж. Екі кластық Жұрын мектебін үздік тәмамдады.

1914-1916 жж. Орынбор қаласындағы «Хұсайния» медресесінде оқиды. Араб, парсы, орыс тілдерімен қатар латын, түрік, жапон, француз, ағылшын, неміс тілдерін үйрене бастайды.

1917-1918 жж. Күйіккаладағы (Елек қаласы) екі кластық орыс училищесіне түсіп, оны мерзімінен бұрын бір жылда үздік бітіріп шықты.

1918-1920 жж. Ауылдық мектептің мұғалімі, кейін Көлденең Темір болыстық совдепінің хатшысы, одан кейін төрағасы болып істеді. Күйік қалада жүріп – «Тез», ал Темірде «Ай» атты журнал ұйымдастырып, оның бетінде М.Горькийдің «Сұңқар туралы жыр», «Дауылпаз туралы жыр», «Хан мен ұлы», т.б. шығармаларын қазақ тіліне аударып жариялаған. «Ай» деген өлеңі жоғарыда аталған журналдың беташары ретінде жарияланды. Көпшілік көкейіне тез қонатын сықақ, фельетондары сахнада, сауық кештерінде айтылып жүрсе, кейбіреулері «Еңбекші Қазақта» жарияланған.

1920-1922 жж. Темір әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінде халық бақылаушысы болып қызмет атқарды.

1922-1923 жж. Темір аудандық атқару комитеті (РИК) мүшесі болды.

1923 жж., желтоқсан – 1925 ж. қыркүйек. Темір уездік халық ағарту бөлімінде инспектор болды.

1925 ж., қыркүйек – 1928 ж. желтоқсан. Губерния орталығы Ақтөбедегі губерниялық халық ағарту бөлімінің инспектор-методисі қызметін атқарды және педтехникумның (осы күнгі педколледж) мұғалімі болды. Ақындық, жазушылық өнерімен де танылып, өлең, пьеса, т.б. жазған. «Мақпал – Сегіз» дастанының желісі бойынша Жиенғали Тілепбергеновпен бірігіп жазған пьесасы Ақтөбедегі кеңес-партия мектебінің, педагог техникум оқушыларының қатысуымен сахнаға шығарылып, қала жұртшылығына көрсетіледі.

1925 ж. Ақтөбе губерниясының Халық ағартушылар съезіне қатысты.

Түркі тілдес республикалардың жаңа әліпбиге көшуіне арналып, 1925 жылы Мәскеуде өткізілген кеңеске қатысып, онда сөз сөйледі. Жаңа әліпбиді енгізу мәселелерімен айналысқан Әзірбайжан ғалымы Ағамалы оғлымен жиі хат жазысып тұрды. 1927 жылдан бастап Жұбанов Санкт-Петербургтегі орыс ғалымдарымен байланыс жасады. Түркі тілдерін зерттеуші академик А.Н. Самойлович, шығыстанушы В.В. Бартольд, тілші ғалым А.В. Щерба, т.б. еңбектерін алдырып оқыды.

1928 ж. Қызылордада жаңа латын алфавитіне көшу жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті шақырған ғылыми-орфографиялық конференцияға қатысты.

1928 ж. Осы жылдың жазында Ленинградтағы Енукидзе атындағы тірі Шығыс тілдері институтын жарты жыл шамасында экстерн түрінде тәмамдап, тілші-түрколог дипломын алды.

1928 ж. Осы жылдың соңында Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылордаға шақырылып, республикалық халық ағарту комиссариатына қызметке тағайындалды.

1928 ж. желтоқсан. Қазақстанның астанасы Алматыдағы алғашқы оқу орны – Қазақ Мемлекеттік университетінің (бастапқыда осылай аталып, кейін ҚазПИ болған, қазіргі Абай атындағы ҚазҰМУ) түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы кафедрасына ғылыми қызметкер етіп шақыртылды.

1929 ж. Қызылордада өткізілген тұңғыш ғылыми-терминологиялық конференцияда Жұбанов қазақ тілінің емлесі жөнінде ғылыми негізделген ұсыныстар жасады.

1929 ж., ақпан – 1930 ж. қыркүйек. Халық ағарту комиссариатының «Об использовании Х.Жубанова на научной работе» туралы қаулысымен Ленинградтағы Енукидзе атындағы тірі шығыс тілдері институтының аспирантурасына жіберіліп, онда академик А.Самойлович басқаратын «Түркологиялық семинар» деп аталатын білім орталығында оқып, шығыстану ғылымдарының негіздерімен танысты, тілдерді зерттеу әдістерін үйренеді, әр типтегі тілдерден мағлұмат алды.

1930 ж. Алматыдағы қазақ университетінің (Абай атындағы ҚазМУ) түркология кафедрасында қызмет атқарды. Алматыда өткен Қазақстанның бірінші Өлкетану съезінде «Мағынасыз сөздердің мағынасы» деген тақырыпта баяндама жасады. Мұның өзі оның түркі текті тілдерді зерттеудегі ізденістерінің жан-жақты екенін аңғартқан еңбек болды.

1930 ж., қазан – 1932 ж. Университеттің түркология кафедрасының профессоры Соколовтың ұсынысымен Ленинградтағы КСРО Ғылым академиясының тіл және ой (ойлау) институтының (қазіргі «тіл білімі институты») академик Н.Я.Марр басқаратын «Лоретидологиялық семинардың» аспиранты болып қабылданып, соны тәмамдады.

1932 ж. қыркүйек – 1937 ж., 19 қараша. Алматыдағы Қазақ педагогикалық институтының (ҚазПИ, қазіргі Абай атындағы ҚазМУ)

профессоры, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, тіл-әдебиет факультетінің деканы қызметін атқарды.

1933 ж. – 1937 ж. 20 қараша. Қазақ КСР Халық Ағарту Коммисариатының Коллегия мүшесі, программа, оқулықтар бөлімінің меңгерушісі, мемлекеттік терминология комиссиясының председателі, Мемлекеттік терминком бюллетенінің бас редакторы.

Коммунистік партия қатарына өтті.

1934 ж. Профессор атағына ие болды. КСРО Ғылым академиясының қазақ филиалы ашылғанда, ол әуелі тіл білімі секторының меңгерушісі, кейін «Ұлттық мәдениет институтының» фольклор секциясы біріктіріліп, ол «тіл әдебиет секторының» меңгерушісі болды. «Қазақ тілінің академиялық сөздігінің» бас редакторы болды.

Қазақ әдебиетінің классигі Абайдың қайтыс болғанына отыз жыл өтуіне байланысты жазған «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген мақаласы танымдық жағынан маңызы аса зор тартымды да өзекті еңбек болды. Мұның өзі қазақтың әдебиеттану іліміне қосылған үлкен үлес-олжа болды. Мақала Абай өлеңдерінің өзгеден озық тұрған ерекшелігін тап баса көрсетіп берді. Абайдың халық тілін шеберлікпен пайдалана біліп, жаңалыққа оза шапқан оқшау тұрған даралығын ғалым айқын дәйектермен дәлелдеп шықты.

1935 ж. Қазақстандық ұлт мәдениеті ғылыми-зерттеу институтының Ғылыми кеңесінің мүшесі. «Қазақстанның 15 жылдығы» атты Құрмет белгімен наградталды. XVI Бүкіл ресейлік Советтер Съезіне делегат. Қазақстан Орталық Атқару комитетінің мүшелігіне (Каз ЦИК) сайланды. Бүкіл Одақтық жаңа әліпби Орталық комитетінің Қазақстандық мүшесі.

1936 ж. СССР Ғылым Академиясының қазақстандық филиалы – лингвистика секторының меңгерушісі, қазақ тілінің Академиялық сөздігінің бас редакторы, Қазақ филиалы Ғылыми советінің және Президиумы мүшесі.

Қ.Жұбанов орта мектептің 5-7 кластарының қазақ тілі оқу бағдарламасын түзді. Бұл бағдарламада құрмалас сөйлемнің синтаксисі жөніндегі көзқарасы баяндалған. «Қазақ сөйлем мүшелерінің орны тарихынан» деген кітабы баспадан шықты. Бұл кітабында қазақ тіліндегі сөйлем мүшелерінің тарихын басқа түркі тілдерінен бөліп қарамай, өзі еркін игерген түркі халықтары тілдерін бір-бірімен байланыстыра зерттеп, тарихи салыстырмалы әдісті шебер қолданды. Бұл еңбегімен Жұбанов қазақстандық түркітану ғылымының қалыптасуына зор үлес қосты. «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жөнінен» (1936) деген зерттеуінде «ән, би, бақсы, жыр, домбыра, күй, қобыз, сыбызғы, толғау» сөздерінің этимологиясын ашу арқылы қазақ музыка мәдениетінің тарихы ертеден басталатынын көрсетті.

1937 ж. Одақтың, Академияның қазақ филиалының президиум мүшелігіне сайланды. Халық комиссарлары советінің қаулысымен Академияның Үлкен ғылыми кеңесінің мүшесі болды.

1937 ж. 19 желтоқсан. Қ.Жұбанов «халық жауы» деген жаламен Алматы қаласындағы түрмеге қамауға алынды.

1938 ж. 25 ақпан. «Халық жауы» деген жала жабылып, ату жазасынан құрбан болды.(Осы қаралы күні талай боздақтың құрбан болғаны, қазақтың біртуар перзенттерін жазықсыздан жаппай атуды бастаған алғашқы күн болғаны тарихта белгілі).

1957 ж. 3 қазан. Қ.Жұбановты айыптаған іс қайта қаралып, КСРО Жоғарғы соты Соғыс коллегиясының жаңа шешімі бойынша оған тағылған айып «негізсіз» деп танылып, жазықсыз жапа шеккен ғалым есімі ақталады.

1958 ж. 22 ақпан. Оның адал коммунист деген атағы қайтарылды.

1989 ж., 19 желтоқсан. Алматы қаласында Профессор Құдайберген Жұбановтың 90 жылдығына арналған ғылыми конференция өткізілді.

1990 ж. 23 ақпан. Республика Министрлер Кеңесінің № 72 қаулысымен Ақтөбе пединститутына проф. Қ.Жұбанов аты беріліп, Ақтөбе пединститутының саңлақ студенттері үшін профессор Қ.Жұбанов атындағы атаулы стипендия тағайындалды. Атаулы стипендияның алғашқы иегері – қазақ филологиясы факультетінің 2-курс студенті К.Қ.Садирова.

1990 ж. Жұбанов Құдайберген. Шығармалары мен естеліктер. – Алматы: «Өнер» баспасы, 1990.

1991 ж., қазаннан бастап Ақтөбе университетінде дәстүрлі «Жұбанов тағылымы» ғылыми-теориялық конференция өткізіліп келеді.

1992 ж. «Жұбановтану» зертханасы құрылды. «Жұбановтану» атты арнаулы пән жүргізіліп келеді.

1994 ж., қазан. Ақтөбе университетінде дәстүрлі «Жұбанов тағылымы» ғылыми-теориялық конференция өткізілді.

1994 ж. Университет оқытушысы Ж.О.Тектіғұл Жұбановтану проблемалары бойынша алғаш рет кандидаттық диссертация қорғады.

1995 ж. Университетте 10.02.19 – жалпы тіл білімі мамандығы бойынша аспирантура ашылып, университеттің екі жас оқытушысы М.О.Миров пен Н.А.Садуақас аспирант болып қабылданды. Оларға Есет Жұбанов ғылыми жетекші болып бекітілді.

1996 ж. Алғашқы профессор академиялық атағына университет ректоры, физика-математика ғылымдарының докторы К.К.Кенжебаев және филология ғылымдарының докторы Е.Қ.Жұбанов ие болды.

1996 ж. 3-4 қазан. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінде «Ақтөбе педагогикалық институтының 30 жылдығына арналған «Жұбанов тағылымы» Республикалық ғылыми – теориялық конференциясы ұйымдастырылды.

1998 ж. «Қ.Жұбановтың термин жасау принциптері» бойынша университет оқытушыларының ғылыми конференциясы өткізілді.

1998 ж. қараша. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің бас ғимараты алдында профессор Қ.Жұбановтың мүсіні орнатылды.

1999 ж. 20-21 мамыр. Астана қаласында профессор Қ.Жұбановтың туғанына 100 жыл толуына арналып, «Мемлекеттік тіл терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі» республикалық ғылыми-теориялық конференция өткізілді.

1999 ж. Абай атындағы АлМУ-да профессор Құдайберген Жұбановтың 100 жылдығына арналған ғылыми конференция өткізілді.

1999 ж. 14-15 қазан. Ақтөбе қаласы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде «Жұбанов тағылымы-IV»: «Құдайберген Жұбанов және қазақ тіл білімі» Республикалық ғылыми-теориялық конференция өткізілді. «Ақтөбе университеті» газетінде профессор Қ.Жұбановтың 100 жылдығы арналған мақалалар жарияланды.

1999 ж. 14-15 желтоқсан. Алматы қаласы ҚазМҰУ-де «Қ.Жұбанов және тіл білімінің өзекті мәселелері» республикалық ғылыми-теориялық конференция өткізілді.

1999 ж. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында профессор Құдайберген Жұбановтың 100 жылдығына арналған ғылыми конференция ұйымдастырылды.

1999 ж., 21 мамыр. Профессор Құдайберген Жұбановтың 100 жылдығына арналған халықаралық экслибрис пен графика көрмесі өткізілді.

1999 ж. Университеттің Жалпы және қазақ тіл білімі кафедрасының аспиранттары Н.А. Садуақас профессор Қ.Жұбанов еңбектеріндегі фонетика мәселелері бойынша, ал М.О.Миров ғылым тілі мен терминология мәселелері бойынша кандидаттық диссертация қорғады.

1999 ж., желтоқсан. Абай атындағы АлМУ оқытушысы А.Қ.Омарова профессор Қ.Жұбанов еңбектеріндегі морфология мәселелері бойынша кандидаттық диссертация қорғады.

1999 ж. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: «Ғылым», 1999. – 581 б. (Жалпы редакциясын басқарған: ф.ғ.д., проф. К.Ш.Хұсайынов).

2000 ж. А. А. Жубанова «Общелингвистическая концепция Х. К. Жубанова» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

2000 ж. Хасанов Б. Қ.Жұбанов мұралары – отандық жалпы тіл білімі, әлеуметтік лингвистика, психолингвистика бастаулары. Тіл саласындағы қуғын-сүргін. – Ақтөбе: 2000. – 119 б.

2002 ж., 4-5 қазан. Ақтөбе қаласы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде дәстүрлі «Жұбанов тағылымы-V» республикалық ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырылды.

2003 ж., 18 шілде. Жалпы және қазақ тіл білімі кафедрасының доценті Ж.О.Тектіғұл қорғаған докторлық диссертациясына Қ.Жұбанов еңбектері негіз болды.

2003 ж., 10 қараша. С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінде Құдайберген Қуанұлы Жұбановқа арналған «Өнегелі өмір» атты ғылыми теориялық конференция ұйымдастырылды.

2004 ж. Сыздық Р. Ғалым-азамат (профессор Құдайберген Жұбанов туралы) – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 68 б.

2004 ж. Ф.Е. Терекова «Языковая личность К.Жубанова социолингвистическое освещение» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

2004 ж. 25-26 қараша. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтында «Жұбанов тағылымы-VI» халықаралық ғылыми – теориялық конференциясы ұйымдастырылды.

2004 ж. Құдайберген Жұбанов тағылымы.// Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті: «Профессор Қ.Жұбановтың 105 жылдығына арналған Республикалық ғылыми-практикалық конференция» материалдарына арналған мақалалар жинағы. –Алматы, 2004. –150 б.

2005 ж. А.Ә. Қарабалина «Қ.Жұбановтын жалпылингвистикалық тұжырымдамаларындағы психологиялық ой-пікірлері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

2006 ж. Оралбай Ә. Құдайберген Жұбанов – публицист.-Ақтөбе: Тоғанай-Т, 2006. -207 б.

2007 ж. Ж. И. Сұлтан «Тілтанымдағы антропологиялық парадигманың Қ.Жұбанов мұраларындағы көрінісі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Ә. Ә. Оралбай «Құдайберген Жұбановтың публицистикасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

2008 ж. М.Қ. Жазықова «Құдайберген Жұбановтың әдістемелік мұрасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

2009 ж. 4-5 желтоқсан. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде «Жұбанов тағылымы — VII» халықаралық ғылыми конференциясы ұйымдастырылды.

2010 ж. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: «Кие», 2010. – 581 б. (Жауапты шығарушы: ф.ғ.д., профессор Асқар Жұбанов).

Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Мемлекет. тілді дамыту инст., 2010. — 608 б.

2013 ж. 4-5 наурыз. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде «Жұбанов тағылымы — VIII: Қазақстан түркі өркениеті мен тарихы тоғысында» халықаралық ғылыми конференциясы ұйымдастырылды.

2013 ж. Құдайберген Жұбанов // «Ұлы дала тұлғалары» сериясы. Жалпы редакциясын басқарған ф.ғ.д., проф. М.Малбақов. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2013. – 467 б.

2016 ж. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде мектеп мұғалімдерінің қатысуымен «Жұбанов тағылымы» облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясы ұйымдастырылды.

2017 ж. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде «Жұбанов тағылымы ─ IX» дәстүрлі халықаралық ғылыми конференциясы ұйымдастырылды.

2019 ж. 25-26 қазан. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың туғанына 120 жыл, Есет Құдайбергенұлы Жұбановтың туғанына 90 жыл толуына арналып, «Жұбанов тағылымы ─ X» дәстүрлі халықаралық ғылыми конференциясы ұйымдастырылды.

2019 ж. 26 қазан. Құдайберген Жұбанов.Шығармаларының толық жинағы. (Жалпы редакциясын басқарған: ф.ғ.д., проф. Б.А.Ердембеков). - Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2019. - 584 б.

2019 ж. 26 қазан. Жұбанов Қ. Қазақ сөйлеміндегі сөздердің орын тәртібі тарихынан (аудармалар жинағы). Құрастырушылар: Садирова К.Қ., Сыдық П.С. - Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2019. - 150 б.

2019 ж. 19 желтоқсан. Профессор Құдайберген Жұбановтың туғанына 120 жыл және оның ұлы ф.ғ.д., профессор Есет Жұбановқа 90 жыл толуына арналған «Ұлы дала тұлғалары: Жұбановтар тағылымы және жазу реформасы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясын Алматы қаласында ҚР БжҒМ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Абай атындағы Қазақ ҰПУ, Еуразия ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырып өткізді.

ПРОФЕССОР Қ. Қ. ЖҰБАНОВ ЕҢБЕКТЕРІ БОЙЫНША ҚОРҒАЛҒАН ДИССЕРТАЦИЯЛАР

1.Тектіғұл Ж.О. Қ.Жұбанов және қазақ тілі тарихи грамматикасының проблемалары. – 10.02.06. – түркі тілдері (Алматы, 1994, кандидаттық диссертация), қазақ тіліндегі түркі негізді есім қосымшалардың тарихи дамуы. – 10.02.06. – түркі тілдері (Алматы, 2003, докторлық диссертация). - 26 бет. (кеңесшісі – ф.ғ.д., профессор Е.Қ.Жұбанов).

2.Миров М.О. Профессор Құдайберген Жұбановтың ұлттық ғылым тілін жасаудағы рөлі. – 10.02.02. – қазақ тілі (Алматы, 1999, кандидаттық диссертация).

3.Сәдуақас Н. Ә. Профессор Құдайберген Жұбанов еңбектеріндегі қазақ тілі дыбыстары жіктелімінің фонологиялық негіздері: филол.ғыл.канд. дисс. автореф. 10.02.02 - қазак тілі. -Алматы, 1999. -28 бет. (Ғылыми жетекшісі-ф.ғ.д., профессор Е.Қ. Жұбанов және ф.ғ.д., профессор Ә.Жүнісбек).

4.Омарова А. Қ. Профессор Қ. Қ. Жұбановтың етістіктер туралы ғылыми еңбегі, оның ғылымның кейінгі дамуына ыкпалы: филол.ғыл. канд.... дисс. автореф. 10.02.02 - қазақ тілі. - Алматы, 1999.- 24 бет.

5.Жубанова А. А. Общелингвистическая концепция Х. К. Жубанова: Афтореф. дисс... канд.филол.наук. 10.02.19 - общее языкознание, социолингвистика, психолингвистика. -Алматы, 2000. -28 с. (Ғылыми жетекшісі-ф.ғ.д., профессор Э.Д.Сүлейменова,кеңесшісі -ф.ғ.д., профессор Е.Қ.Жұбанов).
6.Қарабалина А. Ә. Қ. Жұбановтын жалпылингвистикалық тұжырымдамаларындағы психологиялық ой-пікірлері: психология гыл.канд. ... дисс. автореф. 19.00.01 - жалпы психология, жеке адам психологиясы, психология тарихы, этнопсихология. -Алматы, 2005. -24 бет.
7.Сұлтан Ж. И. Тілтанымдағы антропологиялық парадигманың Қ.Жұбанов мұраларындағы көрінісі: филол.ғыл.канд. ... дисс. автореф. 10.02.02 - қазақ тілі. Алматы, 2007. -26 бет. (Ғылыми жетекшісі-ф.ғ.д., профессор Е.Қ. Жұбанов).
8.Оралбай Ә. Ә. Құдайберген Жұбановтың публицистикасы: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. 10.01.10-журналистика. Алматы, 2007. -24 бет. (Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Н.О.Омашев және кеңесшісі – ф.ғ.д., профессор Е.Қ.Жұбанов).
9.Жазықова М.Қ. Құдайберген Жұбановтың әдістемелік мұрасы. – 13.00.02. – оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі (бастауыш, орта және жоғары білім жүйесіндегі қазақ тілі) (педагогика). (Алматы, 2008, кандидаттық диссертация, ғылыми жетекшісі-ф.ғ.д., профессор Е.Қ.Жұбанов және ф.ғ.д., профессор Ф.Ш.Оразбаева). -26 бет.
10.Терекова Ф.Е. Языковая личность К.Жубанова социолингвистическое освещение. Афтореф. дисс... канд.филол.наук. 10.02.19 - общее языкознание, социолингвистика, психолингвистика. -Алматы, 2000. -28 с. (Ғылыми жетекшісі-ф.ғ.д., профессор Е.Қ. Жұбанов және ф.ғ.д., профессор Б.Хасанов).

ПРОФЕССОР Қ. ЖҰБАНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ, ПЕДАГОГТЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ОЧЕРК

Қазақ халқының аяулы азаматтарының бірі, есімі тарихта мәңгіге қалған біртуар тұлға, қазақ лингвистикасының теориялық негізін салушылардың бірі, қазақ филологиясының тұңғыш профессоры Құдайберген Қуанұлы Жұбанов болатын. Ол қазақ филологиясы саласындағы алғашқы ғалымдардың көшбасшысы ретінде қазақ тілі білімінің ғылыми негізі қаланып, қалыптасып, дамуына ерекше үлес қосқан тума талант, дарынды лингвист-ғалым еді. ХХ ғасырдың бас кезеңі, яғни ғалым еңбек еткен 30-жылдары қазақ тіл білімі саласындағы алғашқы проблемалар қазақ алфавиті мен орфографиясын жасау, қазақ жазуын араб

графикасынан латын әліпбиіне көшіру, қазақ дыбыстарының саны мен фонемалық мәнін анықтау, оларды акустика-артикуляциялық жағынан топқа жіктеу, сөзді лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай таптастыру критериін анықтау, қазақ тіліндегі әрбір категорияға анықтама беру, қазақ терминологиясының ғылыми принциптерін белгілеп, қазақ терминдерін жасау, қазақ тілінің алғашқы ғылыми оқулықтарын жазу т.б. жұмыстарды ғылыми деңгейде зерттеп-шешу профессор Қ.Жұбановтың үлесіне тиді.

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов 1899 жылы 19 желтоқсанда дүниеге келді. Әкесі Қуан шағын дәулетті, шаруа қуған еңбек адамы болған. Жұбан әулетінің аталастары Темір уезінің қазіргі Ақтөбе облысындағы Темір-Орқаш болысына қарасты 9-ауылдағы Қосуақтам деген жерді жайлап-қыстайтын.

Әкесі Қуан 1919 жылы күзде 47 жасында сүзектен, келесі көктемде оның інісі Тәпен (Тәңірберген) дүние салды. Еншісі бөлінбеген екі үйдің барша жанын асырап, қамқоршы болу бұғанасы қатпаған 20 жасар Құдайбергеннің басына түседі. Білім-таным деңгейі жоғары, жаңа орнап жатқан саяси-әлеуметтік құрылысты мейлінше қостаған Құдайберген Кеңестік жүйені нығайту ісіне де қызу кіріседі және белсене ат салысады. 19181920 жылдары көлденең Темір болыстық Совдептің әуелі хатшысы, кейін төрағасы болып, ал 1922-1925 жылдары Темір уездік атқару комитетінің мүшесі болып сайланады.

Қ.Жұбанов бұл кезеңде мынадай қызмет атқарған: 1923 жылдың желтоқсанынан 1925 жылдың қыркүйегіне дейін темір уездік халық ағарту бөлімінде инспектор болып істейді. Көп ұзамай 1925 жылы қыркүйек айында оны губерния орталығы Ақтөбеге алдырады. Ол 1928 жылдың желтоқсанына дейін губерниялық ағарту бөлімінде инспектор-методист болып істейді және Ақтөбе қаласында ашылған педтехникумның (осы күнгі педколледж) мұғалімі болады.

Білім мен қажыр Құдайбрген Жұбановты әрі қарай ілгері бастай береді: ол 1928 жылдың жазында Ленинградтағы Енукидзе атындағы Тірі шығыс тілдері институтын бас-яғы жарты жыл шамасында экстерн ретінде тәмамдап, тілші-түрколог дипломын алып қайтқаннан кейін оны сол 1928 жылдың соңында жоғары білімді тәжірибелі методист, әрі ағарту ісін жақсы білетін практик-педагог ретінде Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылордаға алдырып, Республикалық халық ағарту комиссариатына қызметке тағайындайды.

1929 жылы Қ.Жұбановты Қазақстанның астанасы Алматыдағы алғашқы кезде қазақ университеті деп, кейіннен ҚазПИ болып аталған, осы күнгі Абай атындағы ҚазМУ-дің түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы кафедрасына ғылыми қызметкер етіп шақырылады да, 1929 жылы тағы да, Ленинградтағы Енукидзе атындағы Тірі шығыс тілдері институтының «Түркологиялық семинар» деп аталатын бөліміне аспирантураға жіберіледі. «Түркологиялық семинарда» Қ.Жұбанов 1929 жылдың ақпанынан 1930

жылдың қыркүйегіне дейінгі жыл жарымдай уақыт ішінде оқып, шығыстану ғылымының негіздерімен танысады, тілдерді зерттеу әдістерін үйренеді, әр типтегі тілдерден мағлұмат алады.

Қазақ мемлекеттік университеті басшылығының ұйғарымымен Қ.Жұбанов 1930 жылдың қазан айында Ленинградқа қайта сапар шегіп, КСРО Ғылым академиясының Тіл және ойлау институтына (қазіргі «Тіл білімі институты») академик Н.Я.Марр басқаратын «Яфетидологиялық семинардың» аспиранты болып қабылданады. Мұнда ол академик С.Е.Малов, И.И.Мещанинов, В.А.Богородицкий, Е.Д.Поливанов т.б. сияқты бұл күнде есімдері дүние жүзіне мәлім көрнекті ғалымдардан дәріс тыңдап, лингвистиканың теориялық жаңа деңгейлерін игереді.

Ол аспирантураны 1932 жылы аяқтап, Алматыға оралады. Болашақ ұлы ғалым мұнда өз ұшқан ұясы – Қазақстанның тұңғыш жоғары оқу орны – алғашында университет атанып, кейін қазақтың мемлекеттік педагогикалық институты – ҚазПИ болып аталған оқу орнына лингвистика кафедрасының меңгерушісі болып қызметке тұрады. Көп ұзамай, 1932 жылғы 1 қазанда Қ.Жұбанов қазақ тілі мен әдебиетінің біріккен кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалады. Қ.Жұбановтың профессорлық қызметі осылай басталады. Қазақ филологиясының тұңғыш профессоры 1937 жылдың 19 қарашасына дейін осы қызметін абыройлы атқарып, қазақ тіл ғылымына ерекше еңбек сіңіреді. Аз ғұмыр, қысқа уақыт ішінде қазақ филологиясына қайталанбас мл үлес қосып, қомақты мұра қалдырған талантты ғалымның еңбектері 1937 жылдан кейін жарық көрмей, 20 жыл бойы жұртшылық назарынан сырт қалады. Әйтсе де, мұндай замана лаңынан туған саяси кедергілерге қарамастан қазақ тіл білімінің майталман зерттеушісі Құдайберген Жұбанов есімі бүгінде халқымыздың мақтанышына айналды. Абзал азамат нахақтан «халық жауы» атанып, ғылыми еңбегін жариялауға ширек ғасырға жуық (1937-1957) уақыт бойы тыйым салынып келсе де, оның замандастары, шәкірттері, өзін көрмесе де, ғылыми мұрасы арқылы таланты мен тағлымын таныған кейінгі буын өкілдері ғұлама есімін қастерлеп, ардақ тұтатыны, ғылыми-творчестволық туындыларының інжу-маржандарынан сусындайтыны көп ұзамай-ақ мәлім болды.

Профессор Қ.Жұбанов тіл білімі мәселелерімен 1920 жылдан бастап шұғылдана бастады. Ол қазақ мектептері мен жоғары оқу орындары үшін қазақ тілін оқыту бағдарламаларын жасап, оқулықтар мен әдістемелік құралдар жазды. Сондай-ақ, оның «Қазақ тілінің ғылыми грамматикасының материалдары» (1-том), «Фонетика»(орыс тілінде), «Қазақ тілі фонетикасының тарихын зерттеуге кіріспе», «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар», «Буын жігін қалай табуға болады», «Қазақ тілінде біріккен сөздің жазылуы», «Қазақ сөйлеміндегі сөздердің орын тәртібі», «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайынан», т.б. іргелі ғылыми жұмыстары қазақ тіл білімін қалыптастыруға қосылған елеулі үлес болды. 20 ғасырдың 20 – 30-жылдарында Жұбанов қазақ халқының рухани-мәдени

өмірінде саяси-әлеуметтік, халықтық мәні зор проблемалардың бірі – жазу, емле, термин мәселелерімен де шұғылданды.

КСРО Жоғарғы сотының Әскери коллегиясы ғалымды азаматтық тұрғыдан ақтап, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті оның партия мүшелігін қалпына келтіргелі де қырық жылдан асып барады. Өр тұлғалы оқымыстыны өз халқымен қайта табыстырған М.Әуезовтің, А.Жұбановтың, Ғ.Мүсіреповтің, І.Кеңесбаевтың, М.Балақаевтың, М.Қаратаевтың, Р.Сыздықованың т.б. елуінші жылдардағы мақалаларынан кейін де ол туралы қаншама материалдар жарық көріп, зерделі де тың еңбектер жзылды. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде «Жұбанов тағылымы» атты халықаралық ғылыми конференциясы 10 рет ұйымдастырылып, дәстүрлі түрде жалғасып келеді. Зор таланттың, үлкен қабілеттің, білімнің арқасында Құдайберген Қуанұлы Жұбанов өзі өмір сүрген қысқа уақыттың ішінде қазақ тіл білімінің әр саласынан құнды-құнды ғылыми еңбектер жазып, қазақ тіл білімінің ғылыми негізін қалауға қомақты үлес қосты. Кейінгі кезеңде белсенді қарастырыла бастаған тіл білімінің әлеуметтік лингвистика, психо лингвистика, когнитивті лингвистика т.б. салаларына қатысты алғашқы деректер де Қ.Жұбанов еңбектерінде көрініс тапқандығы бүгінгі зерттеушілер тарапынан айтылып отыр. Қ.Жұбанов туралы, оның азаматтық келбеті, ғылымдағы орны туралы, жазылған жақсы лебізге толы мақалалар өте көп. Әр кезде жазылған осындай ғылыми танымдық және тағылымдық мәні зор мақала авторлары ретінде тілші ғалымдар І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев, Ы.Маманов, Ә.Қайдаров. Р.Сыздық, Н.Оралбаева, Қ. Есенов, Б.Әбілқасымов, Т.Жанұзақов, Б.Хасанов, М.Серғалиев, Ө.Айтбаев, Н.Уәлиев, Ә.Жүнісбеков, Ж.Манкеева т.б. және әдебиет саласының мамандары М.Әуезов, М.Қаратаев, Ә.Тәжібаев, Х.Есенжанов, Б.Кенжебаев, М.Мырзахметов, т.б. есімдерін атап кетуге болады. Ғалым еңбектері туралы педагогика, философия, тарих, саясаттану т.б. сала мамандарының айтқан құнды пікірлері де өз алдына бір төбе деуге болады. Қ.Жұбановтың ғалымдық және азаматтық биік тұлғасын танытқан елеулі монографиялық еңбектер қатарында ғалымдар Р.Сыздық, Б.Хасанұлы, М.Қ.Жұбанова, А.Тайжанов пен Б.Аханов, К.Кенжебаев пен Ә.Оралбай, Ж.О.Тектіғұл, Н.А.Садуақас, М.О.Миров, Ф.Е.Терекова, Ж.И.Сұлтан, М.Қ.Жазықова авторлығымен жарияланған басылымдарды атап көрсетпекпіз. Кейінгі кезде, 1994-2009 жылдар аралығында профессор Қ.Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасы бойынша зерттеушілер Ж.О. Тектіғұл «Қ.Жұбанов және қазақ тілі тарихи грамматикасының проблемалары», М.О. Миров «Профессор Құдайберген Жұбановтың ұлттық ғылым тілін жасаудағы ролі», Н.А.Садуақас «Профессор Құдайберген Жұбанов еңбектеріндегі қазақ тілі дыбыстары жіктелімінің фонологиялық негіздері», А.Қ. Омарова «Профессор Қ.Қ.Жұбановтың етістіктер туралы ғылыми еңбегі, оның ғылымның кейінгі дамуына ықпалы», Ә.Оралбай «Қ.Жұбановтың публицистикасы», М.Қ.Жазықова «.Қ.Жұбановтың

әдістемелік мұрасы», Ф.Е.Терекова «Языковая личность К.Жубанова социолингвистическое освещение», Ж.И.Сұлтан «Тілтанымдағы антропологиялық парадигманың Қ.Жұбанов мұраларындағы көрінісі» т.б. тақырыптарда ғылым кандидаты дәрежесін алу үшін диссертациялар қорғады. Сонымен қатар Қ.Жұбановтың еңбектеріндегі қазіргі жалпы тіл білімінің мәселелері бойынша зерттеу жүргізу алдағы күндердің еншісіндегі жұмыстар болып табылады. Ал магистр-аға оқытушы Әлия Ұлықпанова ғалымның әдеби шығармашылық мұрасы туралы зерттеумен шұғылданып жүр. Ғалым Қ.Жұбановтың әулеті туралы айтар болсақ, ғалым ұрпақтары да әке жолын жалғастырған елге танылған ғалымдар болды. Кезінде белгілі ғалым, профессор Есет Құдайбергенұлы Жұбановтың әкесінің туған жері-Ақтөбедегі жоғары оқу орындарында еңбек етіп, осы аймақтың ғылымын дамытуға сүбелі үлес қосқаны баршаға аян. Қ.Жұбановтың кенже ұлы, Асқар Жұбанов, бүгінде қазақ тіл білімінде статистика, корпустық лингвистика саласындағы ғылыми еңбектерімен танымал ғалым болып отыр. Ал ата ізімен ғылым жолын қуған немересі Ардақ Есетқызы Жұбанова – ағылшын тілі маманы, филология ғылым-дарының кандидаты, доцент. Қазіргі таңда профессор Құдайберген Жұбанов есімін иеленген Ақтөбе қаласындағы Қ.Жұбанов атындағы өңірлік мемлекеттік университеті де еліміздің жоғары оқу орындарының алдыңғы қатарынан көрініп, тума талант есімін таныта түсуге үлес қосып отырғанын атап айтуға болады. Бүгінде көрнекті ғалымның есімі мен ғылыми еңбектері қазақ халқымен, оның тілімен бірге мәңгі жасай беретінінде еш күмән жоқ.

ПРОФЕССОР Қ.Қ.ЖҰБАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

1915

1. ***Өнегелі мұғалім (мақала)*** **//** «Қазақ» газеті. — 1915. — 11 февраль. — №103 (Ж.Тілепбергеновпен бірігіп жазған).

1916

2. ***Емтихан*** // «Қазақ» газеті. – 1916 ж., 10 мамыр.
3. ***Темір уезінен*** // «Қазақ» газеті. — 1916 ж.,

1917

4. ***Наурыз құтты болсын (өлең)*** // « Алаш» газеті. — 1917. №14.
5. ***Қазаққа дұшпандық*** // «Қазақ» газеті. — 1917 ж., 19 мамыр.
6. ***Аянышты хал*** // «Алаш» газеті. — 1917 ж., 22 ақпан.

1918

7. ***Қашаған*** // «Қазақ» газеті. – 1918 ж., 16 қыркүйек.

1924

8. ***Әйел теңдігі туралы (мақала) //*** «Еңбекші қазақ» газеті. – 1924 – №232.

9. ***Түс екен (оқшауша) //*** «Еңбекші қазақ» газеті. – 1924 – 11 сентябрь – №243.

10. ***Үлгі алыңдар (мақала) //*** «Еңбекші қазақ» газеті. – 1924. – № 254.

1925

11. ***Темір уезінің оқушылар тобы (мақала)*** // «Еңбекші қазақ» газеті. – 1925. – 14 ягварь, № 276.

12. ***Екі қой, бір тоқты киіт өтірік дейді (жауап сөз)*** // Кедей газеті. – 1925. – 11 апрель, №41.

13. ***Ойыл коммуна мектебі кімге тиіс (мақала)*** // «Кедей» газеті. – 1925. – 14 октябрь, №62.

14. ***Сауатсыздықты жоятын нұсқаушы мектеп (мақала) //*** «Кедей» газеті. – 1925. – 20 октябрь, №64.

15. ***Халық ағарту ағысында төңкеріс толқыны (мақала)*** // «Кедей» газеті. – 1925. – 2 ноябрь, №65.

16. ***Мұғалімдер, зер сал, губатком, жәрдем ет*** // «Кедей» газеті. – 1925 ж. 5 желтоқсан. №68.

17. ***Қазақ емлесі жөнінен*** // «Тілші» газеті. – 1925. 6 февраль, №156.

1926

18. ***Коммуна мектептері жеті жылдық болсын (мақала) //*** «Еңбекші қазақ» газеті. – 1926. – №10.

19. ***Біз де ұлт театрына маңайладық (мақала) //*** «Еңбекші қазақ» газеті. – 1926. – №11.

20. ***Аулақтан оқыту (мақала) //*** «Еңбекші қазақ» газеті. – 1926. – 19 январь, №14.

21. ***Газет көпке ортақ (мақала) //*** «Еңбекші» қазақ газеті. – 1926. – №74.

22. ***Хат жолықпаған шығар (жауап хабар) //*** «Еңбекші қазақ» газеті. – 1926. – №157.

23. ***Малды қауіпсіздендіру шаруаның ырысы (мақала) //*** «Кедей» газеті. – 1926. – 6 июль, №94.

24. ***Негізгі заңның үш жасы//*** Кедей газеті. – 1926. – 6 июль, №94.

25. ***Оқу-білім майданында. Мұғалімдер курстері тарады (мақала) //*** Кедей газеті. – 1926. – 31 август, №101.

26. ***Жаңа рамазан батасы//*** «Еңбекші қазақ» газеті. – 1927. – 14 апрель.

1927

27. ***Таңжарықтың қуанышы (әңгіме) //*** «Кедей» газеті. – 1927. – 7 ноябрь, №36.

1928

28. ***Түпсіз астау, құдай және Ақтөбенің ілім-мәдениет орындары***

(фельетон) // Еңбекші қазақ газеті. – 1928. – 21 август, №191.

29. Жаңа әліппені алу мәселесі туралы (баяндама сөздер) // «Еңбекші қазақ» газеті. – 1928. – №291.

30. Төрт қызық, мың бейнет, жарық өмір (әңгіме) // «Кедей» газеті.. – 1928. – 4 октябрь.

31. Еңбек мектебінің он жылы (мақала) // «Кедей» газеті. – 1928. – 14 октябрь, №32.

32. Жаңа әліппені үйрен! // Кедей газеті. - 1928. - №35.

33. Округтың жаңа әліппе комитетінде // «Кедей» газеті газеті. - 1928. – 7 ноябрь, №35(197)

1929

34. Бас әріп керек пе? (жарыссөздегі сөзі) // «Еңбекші қазақ» газеті. – 1929. – 2 декабрь, №251.

35. Емле жайындағы пікірлер // «Еңбекші қазақ» газеті. – 1929. – №69.

36. Әліппеміз бұқарашыл болсын!// Қызылорда қаласы: Бүкілодақтық ғылыми орфографиялық конференция материалы. – Қызылода, 1929..

1930

37. Жаңа әліппешілердің өлкелік тұңғыш конференциясында сөйлеген сөзі // Қазақстан жаңа әліппешілерінің өлкелік тұңғыш конференциясы. – 1928 жыл. – 9-12 декабрь. – Қызылода, 1930. – 27-29 және 56-57 бб.

38. Выступление на Научно-орфографической конференции // стенографический отчет науч-орфограф. Конференции, со званной 2-4 июля 1929 года науч-метод. Советом НКП и ЦК НКА – Кзыл-Орда, 1930. – с 51-58, 115.

1931

39. Выступление на IV пленуме ВЦК НА // Стенографический отчет IV пленума Всесоюз.центр. комитета нового алфавита, проходившего в г. Алма-Ате. – Л., 1931. – с 177, 201-204.

1933

40. Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар. I кесек. Қазақ тілінің фонетикесі (Дыбыс жүйесі) // «Политехникалы мектеп» журналы. – Алматы: 1933. – №7-8. – 33-48 бб.

1934

41. Буын жігін қалай табуға болады? // «Ауыл мұғалімі» журналы. – Алматы: 1934. – №2.

42. Әдіс бірлестіктері мен әдіс үйірмелерінде оқу жылының екінші жартысында талқыланатын әдіс, программа мәселелері // «Ауыл мұғалімі» газаеті. – Алматы: 1934. №3. – 25-28 б.

43. Абай – қазақ әдебиетінің классигі // «Әдебиет майданы» журналы. – Алматы: 1934. – №11-12. – 29-44 б.

44. Абай // «Социалды Қазақстан» газеті. – Алматы: 1934. – 26-декабрь, № 297. – 28 декабрь, №299.

1935

45. Қосар ма, дара ма?(«иv», «уи», «ьj», «іj» - лердің емлесі жөнінен) // Қазақстанның оқыту істерін басқаратын Халық комиссариатының жанындағы Мемлекеттік терминология комиссияының бюллетені. – Алматы: «Қазақстан», 1935. – 5 май, №1. – 26-28 б.

46. К пересмотру казахской орфографии // Бюллетень государственной терминологической комиссии при Каз. Наркомпрос. - Алма-Ата: изд.«Қазақстан», 1935. – с 21-24. – 5 май, №1.

47. Қазақ тілінің емлесі мен әліппесіне кіргізілетін өзгерістердің жобасы // Мемлекеттік терминология комиссияының бюллетені. – Алматы: «Қазақстан», – 1935. – 5 май, №1. – 29-б.

48. Қазақ әдебиет тілінің терминдері туралы // Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетені. – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1935. – 5 май, №1. – 1-2 б.

49. О терминологии казахского литературного языка // Бюллетень Государственная терминологическая комиссия при Каз. Наркомпросе. - Алма-Ата: изд. «Қазақстан», – 1935. – 5 май, №1. – с 3-4.

50. Проект изменения орфографии и алфавита казахского языка // Бюллетень. Государственная терминологическая комиссия при Каз. Наркомпросе. – Алма-Ата: изд. «Қазақстан», – 1935. – 15 май, № 2. – с 2-3.

51. О специфике слов-терминов // Бюллетень. Государственная терминологическая комиссия при Каз. Наркомпросе. - Алма-Ата: изд.«Қазақстан», 1935. – 15 май, № 2. – с 1-2.

52. Физика терминдері жайынан // Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетені. – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1935. – №2, 15 май, – 1-2 б.

53. Математика терминдері жөнінде // Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетені. – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1935. – №2, 15 май, – 3-4 б.

54. Термин-сөздердің сецификасы жөнінде // Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетені. – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1935. – №4, 20 май, – 1-2 б.

55. Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайлы // Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетені. – Алматы: «Қазақстан» баспасы, – 1935. – №4, 20 май, 1-3 б.

56. Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі // «Қазақ әдебиеті» газеті. - Алматы: 1935. – №31(61), 20 ноябрь. – 10-б.

57. К постановке исследования истории фонетики казахского языка // Тр. Каз. НИИ национальной культуры. – Вып. I. – Алма-Ата: Москва, 1935. – с 3-13.

58. Примечание к статье С. Аманжолова «Элементы флективности в казахском языке». // Тр. Каз. НИИ национальной культуры. – Вып. I. – Алма-Ата: Москва, 1935. – с. 155-158.

59. Примечание к статье Аманжолова «О языке перевода классиков марксизма-ленинизма».// – Тр. Каз. НИИ национальной культуры. – Вып. I. – Алма-Ата: Москва, 1935.. – с.152-155.

60. Он үш жас күш // «Лениншіл жас» газеті. – 1935. – 14 январь.

61. Қазақ тілі туралы (баяндама) // «Қазақ әдебиеті» газеті. - 1935. - 23-27 май, Казахстанская правда. – Алма-Ата, 1935. – 21-30 мая.

62. Первый серьезный успех казахского драматического театра // «Казахстанская правда» газета. – Алма-Ата, 1935. – 16 январь (№14)

1936

63. Қазақ тілінің грамматикасы // I бөлім. Сөздің жалпы құрылысы (Жалпы морфология). – орта мектептің V класына арналған. – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1936.-74 б.

64. Қазақ тілінің программы // Проект. V класқа арналған. – Алматы, 1936.

65. Из истории порядка слов в казахском предложении // Қазақ тілі жайында зерттеулер**.** 1- Бөлік. – Алматы: Қаз.Фил. АН СССР, 1936.

66. Заметки о вспомогательных и сложных глаголах // Исследования по казахскому языку.- вып.2. - Алма-Ата: Қаз.Фил. АН СССР, 1936.

67. Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы (тіл мен тарих деректері) – Қызылорда: «Қазақстан» баспасы, 1936.

68. Қазақ әдебиеті тілінің терминологиясы жөнінде. Мемлекеттік Термин комиссиясы қолданған (Мәдениет қызметкерлерінің съезі мақұлдаған) принциптер мыналар... // Қазақ тілінің терминдері. – 1-кітап. – Қызылорда, 1936.

69. Принципы терминологии казахского литературного языка применяемые Гос. Термин. Комиссией (одобрено съездом культурных работников) // Қазақ тілінің терминдері. – 1-кітап. – Қызылорда, 1936.

70. О Горьком: (доклад) // Литературный Казахстан. – №3, 1936.

71. Соңғы екі-үш жылда // «Қазақ әдебиеті» газеті. – Алматы.: 31 июль,
№29, 1936.

1937

72. Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайынан // «Ауыл мұғалімі» журналы. – 1937. – № 1-3. 27-39 б.

73. Шылаулар, қос сөздер, біріккен сөздер // «Ауыл мұғалімі» газеті.. – 1937. - №3.

74. Пушкин туралы (сөйлеген сөз) // «Социалистік Қазақстан» газеті. - 10-11 февраль, – Алматы, 1937. Казахстанская правда. – 10-11 февраля, 1937. Қазақ әдебиеті газеті. – Алматы, 10-16 февраль, 1937.

1958

75. Жаңғазы! (хат) // «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. – Алматы: 1958. - №2.

76. О специфике слов-терминов // «Учитель Казахстана» газета. – Алматы: 1958. – 10 апрель.

77. Термин сөздердің спецификасы жөнінде // Қазақстан мұғалімі. – Алматы: 1958. – 10 апрель.

78. Буын жігін қалай табуға болады. – «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. – Алматы: 1958. – № 8 - 49-55 б.

1959

79. Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы (тіл мен тарих деректері) // «Жұлдыз» журналы. – Алматы: 1959. – №2

1966

80. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. // исследования по казахскому языку. *– Алма-Ата: Наука, 1966. – 362 с.*

1969

81. Еленбеген ерекшелік («Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген мақаланың бірінші бөлімі) // «Қазақ әдебиеті» журналы. – Алматы: 1969. – 20 декабрь.

1971

82. Абай және шағатай әдебиеті. // «Жұлдыз» журналы. №6 – Алматы:

1986

83. Абай – қазақ әдебиетінің классигі. // «Абай тағылымы» (әдеби сын, мақалалар, зерттеулер). ─ Алматы: «Жазушы» баспасы, 1986.-14-33-б.

1987

84. Этюды к переводу трех стилей (название условное). // В сб.: «Лексико-стилистическое вопросы перевода». ─ Алматы: «Наука», 152 стр.// с. 77-82.

1989

85. Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі. // «Жалын» журналы. – Алматы: 1989. – №6. – 80-82 б.

86. Төрт қызық, мың бейнет жарық өмір (әңгіме). – «Жалын» журналы. – Алматы, 1989. - №6. 82-84 б.

87. Жубанов Х. К постановке исследования истории фонетики казахского языка // Вестник КазГУ, серия филологическая. – Алматы: «Университет», 1989. – №12.

1990

***88.* Құдайберген Жұбанов.** Шығармалар мен естеліктер. – Алматы: «Өнер», 1990.- 208 б.

1991

89. Буын жігін қалай табуға болады. – «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. – Алматы: 1991. – №6. – 55-61 б.

1994

90. Әліппеміз бұқарашыл болсын. //«Ақтөбе» облыстық газеті, – Ақтөбе, 1994. 13-қазан.

91. Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы.// «Ақтөбе» облыстық газеті, – Ақтөбе, 1994, 3 қараша.

1997

92. К постановке исследования истории фонетики казахского языка // Вестник КазГУ, серия филологическая, №12,стр, 5-12, объем 13,6 п/л., 162 с. – Алматы, 1997..

1998

93. Жұбанов Қ. Математика терминдері жөнінде // «Ақтөбе университеті». – 1998. – №12, желтоқсан (Мақаланы латыншадан транслитерациялап, баспаға әзірлеген профессор Е.Қ.Жұбанов, М.Миров)

94. Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі («Қазақ әдебиеті». – 20 ноябрь, № 31(61). 1935. – 3-4 бет) // Ақтөбе университеті. – 1998. № 6-7 (21) маусым-шілде.

95. Жұбанұлы Құдайберген. Мұғалімдер, зер сал, губатком жәрдем ет! («Кедей» газеті, №68, 1925 ж. 5. XII) // Ақтөбе университеті. – 1998. № 11 (25) қараша.

96. Жұбанұлы Х.К. О возникновении казахского музыкального жанра кюй (историко-лингвистический очерк) // Вестник актюбинского университета. – 1998. - №1.

1999

97. Жұбанов Қ.Қ. Уақыт маңызын жоя алмаған сөз (съезде сөйлеген сөзі) // Ақтөбе университеті. – 1999. - №3, наурыз.

98. Жұбанов Қ., Жолаев Ж. Хожа Ахмет Яссауи // «Жұлдыз» журналы. – 1999. - №8.

99. Жұбанов Құдайберген. Түркі әдебиеттер тілінің танымы // Жұбанов Қ.Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы: «Ғылым»,1999.–288-320 б.

100. Жұбанов Қ.Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. (Жалпы редакциясын басқарған: ф.ғ.д., проф. К.Ш.Хұсайынов). – Алматы: «Ғылым»,1999.–581 б.

101. Жұбанов Қ.Қ. Қазақ тілінің жоғарғы курсы. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 112 б.

2003

102. Жұбанов Х. Вопросы методики и программы, рекомендуемые для изучения в методических объединениях и кружках во втором полугодии учебного года. – «Жұбанов тағылымы» IV республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті редакциялық баспа орталығы, 2003.

2010

103. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. (Жалпы редакциясын басқарған: ф.ғ.д., проф.Ш.Құрманбайұлы). – Алматы: «Кие», 2010. –581 б.

104. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Мемлекет. тілді дамыту инст., 2010. – 608 б.

2013

105. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. (Құрастырған: Ғ.Әнес). – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. –640 б.

2019

106. Құдайберген Жұбанов.Шығармаларының толық жинағы. (Жалпы редакциясын басқарған: ф.ғ.д., проф. Б.А.Ердембеков). - Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2019. - 584 б.

107. Жұбанов Қ. Қазақ сөйлеміндегі сөздердің орын тәртібі тарихынан (аудармалар жинағы). Құрастырушылар: Садирова К.Қ., Сыдық П.С. - Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2019. - 150 б.

Қ.Қ.ЖҰБАНОВ РЕДАКТОРЛЫҒЫМЕН БАСЫЛҒАН КІТАПТАР

